

«Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдаланудың (жалға алудың) үлгі шартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 30 қаңтардағы № 41 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 12 наурыздағы № 74 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 13 наурызда № 22333 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдаланудың (жалға алудың) үлгі шартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 30 қаңтардағы № 41 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18267 болып тіркелген, 2019 жылғы 15 ақпанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдаланудың (жалға алудың) үлгі шартында:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«_____ қаласы (кенті, ауылы) 20____ жылғы «__» _____ № _____

Біз, төменде қол қойғандар, бұдан әрі «Жалға беруші» деп аталатын

_____ атынан
(жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган)

(тұлғаның өкілдігін белгілейтін құжаттың ережесі, атауы және деректемелері)
негізінде әрекет ететін _____

(басшының немесе уәкілетті

тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

бір тараптан және бұдан әрі «Жалға алушы» деп аталатын _____

(Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін -

атауы, Қазақстан Республикасының азаматтары немесе қандастар үшін -

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

атынан _____

(тұлғаның өкілдігін белгілейтін құжаттың

_____ негізінде әрекет ететін

ережесі, атауы және деректемелері)

(мемлекеттік емес заңды тұлғалар үшін - басшының немесе

уәкілетті тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

екінші тараптан төмендегілер туралы осы Шартты жасастық:»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы Қазақстан Республикасының салық және жер заңнамаларына сәйкес айқындалады және Жалға алушы төлемдерді Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мерзімдерде және одан әрі жыл сайын Қазақстан Республикасының салық және жер заңнамаларына сәйкес мемлекеттік кірістер органдарына

_____,
(атауы көрсетілсін)

бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____, жеке сәйкестендіру коды

_____, бюджеттік сәйкестендіру коды _____, төлемді

тағайындау коды _____, бенефициар коды _____,

бенефициар-банктың коды _____, банктің сәйкестендіру коды

_____ аудару жолымен төлеуі тиіс.».

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

С. Омаров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК